ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
СОЗАКСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Бөлімге қарасты барлық**
**білім беру ұйымдарына**

Білім бөлімі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» 1-қосымшасына ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024ж. №319 бұйрығымен өзгерістер енгізілгенін хабарлайды және бұйрықтағы келесі талаптарға назар аударуды сұрайды:

мектептердегі мектепалды сыныптардың «Күнделік» немесе білім беру ұйымының басқа ақпараттық жүйесіне қосылуы талап етілмейді, педагогтер 3 міндетті құжат түрін жүргізеді;

оқу жылы аяқталғанда жыл сайын 15 маусымға дейінгі мерзімде ҰББДҚ-да мектепалды топ және мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің «Мектепалды жасындағы баланың жеке даму картасы» толтырылады;

«Перспективалық жоспар» нысанында «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті «Дене тәрбиесі (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі)» ҰІӘ болып өзгертілді;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес «Жүзу (жүзу бассейні болған кезде) ҰІӘ» қосылды;

«Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы» нысанында балалардың іс-әрекетінің түрлері және дербес іс-әрекеті нақтыланды;

бұйрыққа 3-қосымшада мектепалды сыныптардың журналын жүргізу талабы алынды.

Баяндалғанның негізінде, мектепке дейінгі ұйым, мектепалды сынып педагогтері міндетті 3 құжатты жүргізеді; педагогтер құжаттарды қағаз немесе электрондық форматта толтырады;

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 6-бабының 2-т. сәйкес педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға, Қазақстан Республикасының

000709

білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етуге болмайды.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйым және мектепалды сынып педагогтері жүргізетін құжаттардың мазмұнына тиісті өзгерістер енгізу үшін жолданады.

**Созақ ауданының**
**білім бөлімінің басшысы** **А.Өтебаев**